Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

## Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі
## (тапсырыс беруші толтырады)

| | |
|---|---|
| **Тапсырыс берушінің атауы:** | "Astana Venue Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| **Ұйымдастырушының атауы:** | "Astana Venue Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| **Конкурстың №:** | № 17979783-1 |
| **Конкурстың атауы:** | 2027–2028 жылдарға арналған «Бейбітшілік және Келісім сарайы» нысанын күзету қызметтері |
| **Лоттың нөмірі:** | № 88361003-ОК1 |
| **Лоттың атауы** | Күзет қызметтері |
| **Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:** | 801012.000.000000 |
| **Қызметтің атауы:** | Күзет қызметтері |
| **Өлшем бірлігі:** | Бір қызмет |
| **Саны (көлемі):** | 1 |
| **Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:** | 53039610 |
| **Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:** | 53039610 |
| **Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:** | |
| **Қызмет көрсету мерзімі** | техникалық сипаттамаға сәйкес |
| **Аванстық төлем мөлшері:** | 0 |

| | |
|---|---|
| **Кепілдік мерзімі (айлармен)** | 24 |

| | |
|---|---|
| **Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы** | 1. Қызметтерді көрсетудің жалпы мәліметтері және мерзімдері. Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде мыналарға сәйкес көрсетуге міндетті: 1) «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен; 2) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен; 3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен; 4) «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен; 5) «Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен; 6) «Жеке күзет ұйымдарының күзетші лауазымын атқаратын қызметкерлерінің нысанды киім үлгілерін және оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен; 7) «Күзет қызметі саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен; 8) ««Жеке күзет қызметі» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен; 9) «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен; 10) «Мәдениет саласында қызметін жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен 11) Күзет қызметін, терроризмге қарсы қорғалуды және өрт қауіпсіздігін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен. 1.1. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 57 ғимарат, «Бейбітшілік және келісім сарайы» ғимараты. 1.2. Қызметтерді көрсету мерзімі 2027 жылғы 1 қаңтардағы сағат 00.00-ден бастап 2028 жылғы 31 желтоқсандағы сағат 24.00-ге дейін, қоса алғанда. 1.3. Объект 8 қабатты «Бейбітшілік және келісім сарайы» әкімшілік ғимараты болып табылады, оның іргелес аумағы, кіреберіс топтары және бақылау-өткізу пункті бар. 1.4. Қызметтерді көрсетудің мақсаты — объектінің қауіпсіздігін, қызметкерлер мен келушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды, Тапсырыс берушінің мүлкі мен материалдық құндылықтарының сақталуын, белгіленген бақылау-өткізу және объектішілік режимдердің қамтамасыз етілуін, құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу мен жолын кесуді қамтамасыз ету. 1.5. Қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына және объектіде қызметті ұйымдастыру және атқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес көрсетілуге тиіс. 2. Күзетті ұйымдастыру және бекеттерді орналастыру. 2.1. Объектінің күзеті мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: Аумақта 4 (төрт) кіреберіс, 6 (алты) бекет көзделген: -1-бекет және 2-бекет – Тәуелсіздік даңғылы жағынан орталық кіреберіс іргелес аумағымен (2 рентген-телевизиялық қондырғымен және 2 арка тәрізді металл детекторымен жабдықталған); |

| | |
|---|---|
| | -3-бекет және 4-бекет – А. Байтұрсынұлы көшесі жағынан іргелес аумағы бар кіреберіс (1 рентген-телевизиялық қондырғымен, 1 арка тәрізді металл детекторымен және 3 КББЖ-мен жабдықталған); -5-бекет – Ж. Нәжімеденов көшесі жағынан кіреберіс іргелес аумағымен (1 арка тәрізді металл детекторымен және 1 КББЖ-мен жабдықталған); - 6-бекет – А. Байтұрсынұлы көшесі жағынан аумаққа кіреберістегі БӨП (шлагбаум). 2.2. Орындаушы объектіні күн сайын 6 бекетте күзетуге міндетті: • №1 бекет – күн сайын сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін рентген-телевизиялық қондырғыда; • №2 бекет – күн сайын тәулік бойы; • №3 бекет – күн сайын тәулік бойы; • №4 бекет – күн сайын тәулік бойы, оның ішінде сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін рентген-телевизиялық қондырғыда; • №5 бекет – күн сайын сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін; • №6 бекет – күн сайын сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін. 2.3. Орындаушы барлық бекеттерде белгіленген кестеге сәйкес қызметтің үздіксіз атқарылуын, оның ішінде қызметкерлерді уақтылы ауыстыруды, демалыс кезеңіне алмастыруды ұйымдастыруды, сондай-ақ болмаған персоналды алмастыруды қамтамасыз етуге міндетті. 2.4. Тапсырыс берушінің кестесінде көзделген іс-шаралар өткізілетін күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің ресми делегациялары мен жоғары лауазымды тұлғалары объектіге келген кезде Орындаушы объектінің күзетін 4 (төрт) бекетке дейінгі санмен қосымша күшейтуді қамтамасыз етуге міндетті, бұл шарттың құнына кіреді. 2.5. Қосымша бекеттер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша өтінімі негізінде қойылады, онда іс-шараның өткізілу күні, басталу және аяқталу уақыты, қажетті қызметкерлер саны және қызметті атқарудың ұзақтығы көрсетіледі. 2.6. Орындаушы қосымша қызметкерлердің Тапсырыс берушінің өтінімінде көрсетілген уақытқа қызметті атқаруға келуін және дайын болуын қамтамасыз етуге міндетті. 2.7. Қосымша қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болуға және объектіні күзетудің ерекшеліктері бойынша нұсқамадан өтуге тиіс |

| | |
|---|---|
| **Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)** | 1. Күзет қызметтерін көрсетуге қойылатын талаптар. Орындаушы мыналарға міндетті: - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктер шегінде объектіні, Тапсырыс берушінің мүлкі мен материалдық құндылықтарын үздіксіз және сапалы күзетуді, қызметкерлер мен келушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету. - Тапсырыс беруші белгілеген бақылау-өткізу және объектішілік режимдердің, объектіге келу қағидаларының және қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. - Жеке тұлғалардың, көлік құралдарының, жабдықтың және материалдық құндылықтардың объект аумағына кіруін және олардың орын ауыстыруын Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен бақылауды ұйымдастыру. - Өткізу бюросының жұмысын қамтамасыз ету, оның ішінде келушілерді тіркеу, уақытша өткізу куәліктерін беру мен қайтаруды есепке алу, үй-жайлардың кілттерін қабылдау және беру, тиісті құжаттаманы жүргізу. - Іс-шара ұйымдастырушыларының, делегация қатысушыларының, техникалық персоналдың, мердігер ұйымдардың, монтаж және демонтаж бригадаларының өтуін алдын ала келісілген өтінімдер негізінде бақылауды қамтамасыз ету. - Тиісті рұқсаттар мен құжаттар болған кезде жабдықты, сахналық реквизитті, мүлікті және өзге де материалдық құндылықтарды әкелуді және алып шығуды тіркеуді және бақылауды қамтамасыз ету. - «Бейбітшілік және келісім сарайы» объектісінің әкімшілігімен келісім бойынша автокөліктің объект аумағына кіруін және шығуын бақылауды қамтамасыз ету. - Жаппай іс-шаралар өткізу кезінде объектіге келудің белгіленген тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету, келушілер ағынын бақылау және қызметтік және шектеулі аймақтарға рұқсатсыз кіруге жол бермеу. - Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысына және объектінің бекітілген нұсқаулықтарына сәйкес объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі Орындаушыға жүктелген іс-шараларды орындау. - Күдікті заттар, құқыққа қайшы әрекеттерге дайындық белгілері және қауіпсіздікке төнетін өзге де қатерлер анықталған кезде Тапсырыс берушіге және тиісті уәкілетті органдарға дереу хабарлау, бекітілген нұсқаулықтарға сәйкес әрекет ету. - Белгіленген құзырет шегінде объект әкімшілігімен, ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. - Объект әкімшілігіне өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу. Өрт, түтіндену анықталған, өрт дабылы іске қосылған немесе төтенше жағдайдың өзге де белгілері пайда болған кезде Тапсырыс берушіге және жедел қызметтерге дереу хабарлау, өз құзыреті шегінде бірінші кезектегі шараларды қабылдау. - Күзет қызметкерлерінің Тапсырыс беруші өткізетін нұсқамаларға, жаттығуларға және оқу-жаттығуларға күзет ұйымының міндеттерін орындау бөлігінде қатысуын қамтамасыз ету. - Шарт жасалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде объектінің ерекшелігін, бекеттердің орналасуын және белгіленген режимді ескере отырып, объектіде қызметті ұйымдастыру және |

| | |
|---|---|
| | атқару жөніндегі нұсқаулықты әзірлеп, Тапсырыс берушіге келісуге ұсыну. - Орындаушының басшы құрамы тарапынан күзет қызметкерлерінің қызметті ұйымдастыруына және атқаруына тұрақты бақылауды қамтамасыз ету. - Орындаушы ұсынған, қызметтер көрсету үшін қажетті техникалық жабдық пен байланыс құралдарының жарамдылығын және сақталуын қамтамасыз ету. - Шарттың қолданылу кезеңінің бүкіл мерзіміне жедел әрекет ету тобын (ЖӘТ) шақыруға арналған кемінде 2 (екі) жарамды дабыл құрылғысының болуын қамтамасыз ету. Оларды орналастыру орындары Тапсырыс берушімен келісіледі. Құрылғылардың техникалық жарамдылығын, жұмысқа қабілеттілігін және нәтижелерін тіркей отырып, үнемі тексеруді қамтамасыз ету. - ЖӘТ-тің объектіге дабыл сигналы түскен сәттен немесе келісілген телефон байланысы арнасы бойынша өтінім алған сәттен бастап 10 (он) минуттан аспайтын мерзімде келуін қамтамасыз ету. - Қызметтік құжаттаманы жүргізуді, оның ішінде қызметті атқару, ауысымды қабылдау және тапсыру, келушілерді тіркеу, материалдық құндылықтарды әкелу және алып шығу, кілттерді қабылдау және тапсыру, объектіні аралау және оқиғаларды тіркеу журналдарын жүргізуді қамтамасыз ету. - Әр ауысым сайын Тапсырыс беруші өкіліне бекеттердің нақты орналасуы және қызметке кіріскен қызметкерлер туралы мәліметтерді ұсыну. - Тапсырыс берушінің талабы бойынша қызметтік міндеттерді тиісінше орындамау, тәртіпті бұзу немесе қызмет көрсету сапасына қатысты негізделген шағымдар болған жағдайда 30 (отыз) минут ішінде қызметкерді ауыстыру. Ауыстыру Орындаушыны қызметтің үздіксіз атқарылуын қамтамасыз ету міндетінен босатпайды. - Қазақстан Республикасының күзет қызметі, терроризмге қарсы қорғалу, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау. 2. Күзет қызметтерін көрсетуге тартылатын қызметкерлердің: 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының біліктілік талаптарына, «Жеке күзет қызметі» кәсіптік стандартының талаптарына сәйкес болуы, күзет қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттары болуы тиіс. 2) Тапсырыс беруші белгілеген объектіге келу тәртібін қолдауы, бақылау-өткізу және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауы тиіс. 3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 142 бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі нысанды киіммен қамтамасыз етілуі тиіс. Ішкі бекеттер үшін кеңсе үй-жайларына арналған нысанды киімді оны киіп жүрудің белгіленген қағидаларына сәйкес және Тапсырыс берушімен келісім бойынша пайдалануға жол беріледі (классикалық киімде болуы ұсынылады (біртекті костюм, қою түсті шалбар, ақ көйлек, қара галстук, қою түсті туфли (аяқкиім жыл мезгіліне байланысты)). Қызметкерлердің сыртқы келбеті ұқыпты болуы және объектінің мәртебесіне сәйкес келуі тиіс. 4) Қызметтік тәртіпті сақтауы, келушілермен қарым-қатынаста мұқият, сергек, сыпайы және әдепті болуы тиіс. 5) Объектіні күзету, терроризмге қарсы қорғалу, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайларда әрекет ету мәселелері бойынша нұсқамалардан өтуі тиіс. 6) Бекітілген учаскедегі |

| | |
|---|---|
| | жағдайды білуі, бекеттердің, байланыс құралдарының, өртті сөндіру құралдарының, күзет және өрт дабылының орналасуын, сондай-ақ жауапты тұлғаларды хабардар ету тәртібін білуі тиіс. 7) Берілген қолжетімділік және жүктелген міндеттер шегінде күзет, бейнебақылау, хабарлау және радиобайланыс техникалық құралдарын пайдалана білуі тиіс. 8) Төтенше жағдайлар, өрт туындаған, күдікті заттар анықталған, қоғамдық тәртіп бұзылған және өзге де оқиғалар болған кезде бастапқы әрекеттер тәртібін білуі тиіс. 9) Келушілерді, қоғамдық аймақтарды, кіреберіс пен шығуларды көзбен бақылауды жүзеге асыруы, белгіленген тәртіптің және Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. 10) Объектінің ішкі және іргелес аумағын күндізгі уақытта ауысымына кемінде 2 (екі) рет, түнгі уақытта кемінде 3 (үш) рет аралауды, нәтижелерін журналда немесе электрондық есепке алу жүйесінде міндетті түрде тіркей отырып, жүзеге асыруы тиіс. 11) Белгіленген келу тәртібін бұзатын тұлғалардың объектіде негізсіз болуына жол бермеуі, сондай-ақ мінез-құлқы қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін тұлғалар туралы әкімшілікке уақтылы хабарлауы тиіс. 12) Қызметтік құжаттаманы бекітілген нұсқаулықтарға сәйкес жүргізуі тиіс. Ауысымды, кілттерді және бекітілген жабдықты тиісті тіркеумен қабылдау және тапсыруды қамтамасыз етуі тиіс. 13) Жарақат, оқ жарақаты, дене жарақаттары кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларына ие болуы тиіс 14) Қолмен ұрыс дағдыларына және арнайы құралдарды қолдану дағдыларына ие болуы тиіс. 15) Күзет қызметін, күзетшінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін НҚА-ны, Дене күшін, арнайы құралдарды қолданудың құқықтық негіздерін, Алғашқы медициналық даярлық негіздерін, Дене күшін және арнайы құралдарды қолдану қағидаларын білуі тиіс. 16) Аналитикалық ойлау қабілеті болуы, стреске төзімді болуы және тез шешім қабылдай білуі тиіс. 3. Қызметті бақылау және атқару тәртібі 1) Орындаушы шартта көзделген барлық бекеттерде күзет қызметкерлерінің қызметті үздіксіз атқаруын қамтамасыз етуге міндетті. 2) Кезекшілікті тапсыру бекеттің, байланыс құралдарының, жабдықтың және құжаттаманың жай-күйін міндетті түрде тексере отырып, ауысымдар арасында тікелей жүзеге асырылады. 3) Ауысымға кіріскен кезде қызметкерлер ағымдағы жағдаймен, қызметті атқару журналындағы жазбалармен және алдыңғы ауысымдағы оқиғалар туралы ақпаратпен танысуға міндетті. 4) Орындаушы әр ауысым сайын Тапсырыс беруші өкіліне бекеттердің нақты орналасуы, қызметкерлер саны және қызметке кіріскен қызметкерлердің тегі туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті. 5) Бекеттердің орналасуын, қызметкерлер санын және қызметті атқару режимін өзгертуге адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген тікелей қатерді болдырмау үшін қажетті әрекеттерді қоспағанда, Тапсырыс берушімен алдын ала келісу бойынша ғана жол беріледі, бұл ретте Тапсырыс берушіге кейіннен міндетті түрде хабарланады. 6) Орындаушы күзет қызметкерлерінің қызметтік тәртіпті, лауазымдық міндеттерді және нұсқаулықтарды сақтауына тұрақты бақылауды қамтамасыз етуге міндетті. 7) |

| | |
|---|---|
| | Тапсырыс берушінің өкілдері қызмет көрсету сапасына, қызметкерлердің бекеттерде нақты болуына және қызметтік құжаттаманың жүргізілуіне тексеру жүргізуге құқылы. 8) Бұзушылықтар анықталған кезде Тапсырыс беруші оларды жоюды талап етуге құқылы, ал Орындаушы Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде тиісті шаралар қабылдауға міндетті. 9) Орындаушы қызметтік міндеттер тиісінше орындалмаған, тәртіп бұзылған немесе қызмет сапасына қатысты негізделген шағымдар болған кезде Тапсырыс берушінің талабын алған сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде қызметкерді ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті. Ауыстыру тиісті бекеттің күзетінің тоқтатылуына немесе тоқтата тұруына әкеп соқпауы тиіс. 4. Күзет қызметкерлеріне тыйым салынады: - Тікелей басшының рұқсатынсыз бекеттен кетуге, адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген тікелей қатерді болдырмау үшін қажетті әрекеттерді қоспағанда. - Қызметтік міндеттерді орындаудан алаңдауға, әдебиет оқуға, фильмдер мен әлеуметтік желілерді қарауға және интернетті жеке мақсатта пайдалануға. - Міндеттерді орындауға зиян келтіре отырып, жеке келіссөздер мен ойын-сауық үшін ұялы байланысты пайдалануға. Қызметтік міндеттерді орындау үшін қызметтік байланысты пайдалануға жол беріледі. - Кезекшілік кезінде алкогольдік, нашақорлық немесе өзге де уытты мас күйде болуға, спиртті ішімдіктер ішуге. - Тапсырыс беруші көздеген негіздерсіз және қажетті келісімдерсіз тұлғаларды объектіге жіберуге. - Тиісті құжаттарсыз немесе рұқсаттарсыз материалдық құндылықтарды әкелуге және алып шығуға рұқсат беруге. - Тапсырыс берушімен келіспей, бекеттердің орналасуын, олардың санын және қызметті атқару режимін өз бетінше өзгертуге. - Тапсырыс берушімен келіспей, шартта көзделмеген үй-жайлар мен мүлікті күзетке қабылдауға. - Үй-жайларды, есіктер мен терезелерді өз бетінше ашуға немесе жабуға, белгіленген кіру тәртібін өзгертуге. - Өз өкілеттіктері шегінде тікелей қатерді болдырмау қажет болған жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушінің мүлкін және өрт инвентарын өз бетінше орын ауыстыруға. - Кезекшілік кезінде ұйықтауға, бөгде адамдарға арнайы құралдарды көрсетуге, оларды мақсатына сай емес пайдалануға. - Объект аумағынан өз бетінше кетуге, өз міндеттерін бөгде адамдарға беруге немесе оларға қызметті атқаруды тапсыруға. - Күзетті ұйымдастыру, объектінің қызметкерлері мен келушілері туралы ақпаратты жария етуге жол беруге. - Әкімшілікпен келіспей, объект аумағында жеке көлікті пайдалануға. 5. Орындаушының жауапкершілігі - Орындаушы шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады. - Орындаушы шарттық міндеттемелерді кінәлі түрде орындамау немесе тиісінше орындамау салдарынан Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін заңнамада көзделген негіздер болған кезде мүліктік жауапкершілік көтереді. - Орындаушының міндеттемелерін бұзуға мыналар жатады: көзделген бекеттерде қызметкерлердің болмауы, бекеттерді өз бетінше тастап кету, өткізу режимін бұзу, тұлғаларды негізсіз жіберу, |

| | |
|---|---|
| | оқиғалар туралы уақтылы хабарламау, келісілген санды және бекеттердің орналасуын сақтамау, сондай-ақ Орындаушы ұсынған жабдықтың тиісінше қызмет көрсетілмеуі салдарынан жарамсыздығы. - Тапсырыс берушінің мүлкі Орындаушының кінәсінен зақымданған, бүлінген, жоғалған немесе жойылған жағдайда, соңғысы келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және көлемде өтеуге міндетті. - Тапсырыс беруші қызметкерлерінің, Орындаушы қызметкерлерінің, келушілердің және өзге де тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілік анықталған мән-жайларды, кінәні және себепті-салдарлық байланысты ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. - Орындаушы өзі тартқан қызметкерлердің әрекеті мен әрекетсіздігі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жауапты болады. - Шарттың талаптарын және осы техникалық ерекшеліктің талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші шартта көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 17-бабының 7-тармағына сәйкес шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін ай сайынғы төлемнің жалпы сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы көзделген, осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты іске асыру шеңберінде мұндай жағдайлар болып мыналар танылады: - Бекетті (кезекшілік орнын) Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз тастап кету, - Кезекшілік кезінде алкогольдік немесе нашақорлық мас күйінің белгілерімен болу; - Объектінің күзетін басқа тұлғаларға беру; - кезекшілік кезінде ұйықтау, спиртті ішімдіктер ішу, бөгде адамдардың қатысуымен арнайы құралдарды мақсатына сай емес пайдалану, сондай-ақ қызметті атқарудың белгіленген тәртібін, қызметтік тәртіп талаптарын және қауіпсіздік қағидаларын бұзатын өзге де әрекеттерді жасау; - Бекеттің 30 минуттан астам қойылмауы. Тұрақсыздық айыбы әрбір жағдайға қатысты бөлек қолданылады. Құжаттама Шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орындаушы Тапсырыс берушіге қызметтерді көрсетуге тартылатын қызметкерлердің тегі, аты, лауазымы және ауысымдар бойынша бөлінісі көрсетілген тізімін ұсынады. Қызметкер ауыстырылған жағдайда Орындаушы ауыстырылған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жаңартылған тізімді ұсынуға міндетті. Орындаушы орындалған жұмыстар актісімен бірге веб-портал арқылы айдың соңғы күні (әр ай сайын) қызмет көрсету туралы есепті ұсынуға тиіс, ол мыналарды қамтиды: 1. Аралау есебі. 2. Есепті кезеңдегі шығындар сомасының жіктемесі. Сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 31 желтоқсанды ҚОСА АЛҒАНДА кезеңге есептелген. Шарт 2027 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған жағдайда, жасалған шарттың жалпы сомасы шарттың қолданылу кезеңінің қысқаруына барабар азайтылуға жатады. Ескертпе; Көрсетілетін барлық қызметтер (аралау, кезекшілікке кіріскен ауысым) Aspans Property бағдарламасының QR-кодтарын сканерлеу арқылы тіркелуге тиіс (тіркеу үшін Тапсырыс беруші рұқсат етілген доменді ұсынады). Қызмет |

| | |
|---|---|
| | көрсету актісімен бірге ұсынылатын аралау есебі жоғарыда аталған бағдарлама арқылы қалыптастырылуға тиіс. Осы талаптармен аралау есебі болмаған жағдайда қызмет көрсету жарамсыз болып табылады. Ал Aspans Property бағдарламасының жұмысында ақаулар туындаған жағдайда, аралау есебін ұсыну тәсілдері Тапсырыс берушімен келісу бойынша жүзеге асырылады. |

Приложение 16
к конкурсной документации

# Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

| | |
|---|---|
| **Наименование заказчика** | Товарищество с ограниченной ответственностью "Astana Venue Management" |
| **Наименование организатора** | Товарищество с ограниченной ответственностью "Astana Venue Management" |
| **№ конкурса:** | № 17979783-1 |
| **Наименование конкурса:** | Услуги охраны объекта "Дворец Мира и Согласия" на 2027-2028 годы |
| **Номер лота:** | № 88361003-ОК1 |
| **Наименование лота:** | Услуги охраны |
| **Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:** | 801012.000.000000 |
| **Наименование услуги:** | Услуги охраны |
| **Единица измерения:** | Одна услуга |
| **Количество (объем):** | 1 |
| **Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:** | 53039610 |
| **Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:** | 53039610 |
| **Срок оказания услуги:** | согласно технической спецификации |
| **Размер авансового платежа* *:** | 0 % |
| **Гарантийный срок (в месяцах)** | 24 |

| | |
|---|---|
| **Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных** | 1. Общие сведения и сроки оказания услуг. Исполнитель обязан оказывать услуги в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, в том числе: 1) Законом Республики Казахстан «Об охранной деятельности»; 2) Законом Республики Казахстан «О противодействии терроризму»; 3) Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите»; 4) Постановлением Правительства Республики «Об утверждении требований к организации антитеррористической защиты объектов, уязвимых в террористическом отношении»; 5) Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан «Об утверждении квалификационных требований и перечня документов, подтверждающих соответствие им, для осуществления охранной деятельности»; 6) Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан «Об утверждении образцов форменной одежды и Правил её ношения работниками частных охранных организаций, занимающими должность охранника»; 7) Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан «Об утверждении Правил оказания государственных услуг в сфере охранной деятельности»; 8) Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан «Об утверждении профессионального стандарта «Частная охранная деятельность»»; 9) Приказом Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан «Об утверждении Правил пожарной безопасности»; 10) Приказом Министра культуры и информации Республики Казахстан «Об утверждении Инструкции по организации антитеррористической защиты объектов, уязвимых в террористическом отношении, осуществляющих деятельность в сфере культуры» 11) Иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, регулирующими охранную деятельность, антитеррористическую защищённость и пожарную безопасность. 1.1. Место оказания услуг: Республика Казахстан, г. Астана, проспект Тәуелсіздік, здание 57, здание «Дворец Мира и Согласия». 1.2. Срок оказания услуг с 00.00 часов 01 января 2027 года по 24.00 часа 31 декабря 2028 года, включительно. 1.3. Объект представляет собой административное здание «Дворец Мира и Согласия», имеющее 8 этажей, прилегающую территорию, входные группы и контрольно-пропускной пункт. 1.4. Цель оказания услуг — обеспечение безопасности объекта, защита жизни и здоровья сотрудников и посетителей, сохранности имущества и материальных ценностей Заказчика, обеспечение установленного контрольно-пропускного и внутриобъектового режимов, предупреждение и пресечение противоправных действий. 1.5. Услуги должны оказываться в соответствии с законодательством Республики Казахстан и инструкцией по организации и несению службы на объекте. 2. Организация охраны и расстановка постов. 2.1. Охрана Объекта осуществляется в следующем порядке: На территории предусмотрено 4 (четыре) входа, 6 (шесть) постов: -1 пост и 2 пост – центральный вход с прилегающей территорией со стороны проспекта Тауелсіздік (оборудован 2-мя рентген-телевизионными установками и 2-мя арочными металлодетекторами); -3 пост и 4 пост – вход с прилегающей территорией со стороны улицы А. Байтурсынова (оборудован 1-м |

| | |
|---|---|
| | рентген-телевизионной установкой, 1-м арочным металлодетектором и 3-мя СКУД); -5 пост–вход с прилегающей территорией со стороны улицы Ж. Нажимеденова (оборудован 1-м арочным металлодетектором и 1 СКУД); - 6 пост – КПП (шлагбаум) при въезде на территорию со стороны улицы А. Байтурсынова. 2.2. Ежедневно Исполнитель обязан осуществлять охрану объекта на 6 постах: • пост №1 – ежедневно с 8:00 до 20:00 ч. на рентген-телевизионную установку; • пост №2 – ежедневно круглосуточно; • пост №3 - ежедневно круглосуточно; • пост №4 - ежедневно круглосуточно, из них с 8:00 до 20:00 часов на рентген-телевизионной установке; • пост №5 - ежедневно с 8:00 до 20:00 часов; • пост №6 - ежедневно с 8:00 до 20:00 часов. 2.3. Исполнитель обязан обеспечить непрерывное несение службы на всех постах в соответствии с установленным графиком, включая своевременную смену сотрудников, организацию подмены на период отдыха, а также замену отсутствующего персонала. 2.4. В дни проведения мероприятий, предусмотренных графиком Заказчика, а также при посещении объекта официальными делегациями и высокопоставленными лицами Республики Казахстан и иностранных государств Исполнитель обязан обеспечить дополнительное усиление охраны объекта численностью до 4 (четырёх) постов, которая входит в стоимость договора. 2.5. Дополнительные посты выставляются на основании предварительной письменной заявки Заказчика с указанием даты, времени начала и окончания мероприятия, необходимого количества сотрудников и продолжительности несения службы. 2.6. Исполнитель обязан обеспечить прибытие и готовность дополнительных сотрудников к несению службы к времени, указанному в заявке Заказчика. 2.7. Дополнительные сотрудники должны соответствовать квалификационным требованиям, установленным законодательством Республики Казахстан, и пройти инструктаж по особенностям охраны объекта. |

| | |
|---|---|
| **Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)** | 2. Требования к оказанию охранных услуг. Исполнитель обязан: - Обеспечивать непрерывную и качественную охрану объекта, имущества и материальных ценностей Заказчика, защиту жизни и здоровья сотрудников и посетителей в пределах полномочий, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. - Обеспечивать соблюдение установленного Заказчиком контрольно-пропускного и внутриобъектового режимов, правил посещения объекта и общественного порядка. - Организовать контроль доступа физических лиц, транспортных средств, оборудования и материальных ценностей на территорию объекта и их перемещения в соответствии с установленным Заказчиком порядком. - Обеспечивать работу бюро пропусков, включая регистрацию посетителей, учёт выдачи и возврата временных пропусков, приём и выдачу ключей от помещений, ведение соответствующей документации. - Обеспечивать контроль допуска организаторов мероприятий, участников делегаций, технического персонала, подрядных организаций, монтажных и демонтажных бригад на основании предварительно согласованных заявок. - Обеспечивать регистрацию и контроль ввоза и вывоза оборудования, сценического реквизита, имущества и иных материальных ценностей при наличии соответствующих разрешений и документов. - Обеспечивать контроль въезда и выезда автотранспорта на территорию объекта по согласованию с администрацией объекта «Дворца мира и согласия». - При проведении массовых мероприятий обеспечивать соблюдение установленного порядка посещения объекта, контролировать посетительские потоки и не допускать несанкционированного доступа в служебные и ограниченные зоны. - Выполнять возложенные на Исполнителя мероприятия по обеспечению антитеррористической защищённости объекта в соответствии с законодательством Республики Казахстан, постановлением Правительства РК от 06.05.2021 № 305 (с изменениями от 09.04.2026 года № 252) и утверждёнными инструкциями объекта. - При обнаружении подозрительных предметов, признаков подготовки противоправных действий и иных угроз безопасности незамедлительно информировать Заказчика и соответствующие уполномоченные органы, действовать согласно утверждённым инструкциям. - Обеспечивать взаимодействие с администрацией объекта, территориальными подразделениями органов внутренних дел, Службой государственной охраны Республики Казахстан и иными уполномоченными государственными органами в пределах установленной компетенции. - Оказывать содействие администрации объекта в обеспечении пожарной безопасности. При обнаружении пожара, задымления, срабатывании пожарной сигнализации или иных признаков чрезвычайной ситуации незамедлительно информировать Заказчика и экстренные службы, принимать первоочередные меры в пределах своей компетенции. - Обеспечивать участие сотрудников охраны в инструктажах, тренировках и учениях, проводимых Заказчиком, в части исполнения обязанностей охранной организации. - В течение 5 (пяти) рабочих дней после заключения договора разработать и представить Заказчику на согласование инструкцию по организации и |

| | |
|---|---|
| | несению службы на объекте с учётом его специфики, расположения постов и установленного режима. - Обеспечивать постоянный контроль за организацией и несением службы сотрудниками охраны со стороны руководящего состава Исполнителя. - Обеспечивать исправность и сохранность предоставленного Исполнителем технического оборудования и средств связи, необходимых для оказания услуг. - Обеспечить наличие не менее 2 (двух) исправных тревожных устройств для вызова группы быстрого реагирования (ГБР) на весь период действия договора. Места их размещения согласовываются с Заказчиком. Обеспечивать техническую исправность, работоспособность и регулярную проверку устройств с фиксацией результатов. - Обеспечить прибытие ГБР на объект в срок не более 10 (десяти) минут с момента поступления сигнала тревоги либо получения заявки по согласованному каналу телефонной связи. - Обеспечить ведение служебной документации, включая журналы несения службы, приёма и сдачи смен, регистрации посетителей, ввоза и вывоза материальных ценностей, приёма и сдачи ключей, обходов объекта и регистрации происшествий. - Ежесменно предоставлять представителю Заказчика сведения о фактической расстановке постов и сотрудниках, заступивших на службу. - В течение 30 (тридцати) минут производить замену сотрудника по требованию Заказчика в случае ненадлежащего исполнения служебных обязанностей, нарушения дисциплины или обоснованных претензий к качеству оказания услуг. Замена не освобождает Исполнителя от обязанности обеспечить непрерывное несение службы. - Соблюдать требования законодательства Республики Казахстан в области охранной деятельности, антитеррористической защищённости, пожарной безопасности, охраны труда и защиты персональных данных. 2. Сотрудники, привлекаемые для оказания охранных услуг, должны: 1) Соответствовать квалификационным требованиям законодательства Республики Казахстан, требованиям профессионального стандарта «Частная охранная деятельность», иметь необходимые документы для осуществления охранной деятельности. 2) Поддерживать установленный Заказчиком порядок посещения объекта, соблюдать требования контрольно-пропускного и внутриобъектовых режимов. 3) Быть обеспечены форменной одеждой установленного образца в соответствии с приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 23 февраля 2015 года № 142. Для внутренних постов допускается использование форменной одежды для офисных помещений в соответствии с установленными правилами её ношения и по согласованию с Заказчиком (рекомендуется быть в классической одежде (однотонный костюм, брюки темного цвета, белая рубашка, черный галстук, туфли темного цвета (обувь в зависимости от времени года)). Внешний вид сотрудников должен быть опрятным и соответствовать статусу объекта. 4) Соблюдать служебную дисциплину, быть внимательными, бдительными, вежливыми и корректными при взаимодействии с посетителями. 5) Проходить инструктажи по вопросам охраны объекта, антитеррористической защищённости, пожарной безопасности и действиям при |

| | |
|---|---|
| | чрезвычайных ситуациях. 6) Владеть обстановкой на закреплённом участке, знать расположение постов, средств связи, пожаротушения, охранной и пожарной сигнализации, а также порядок информирования ответственных лиц. 7) Уметь пользоваться техническими средствами охраны, видеонаблюдения, оповещения и радиосвязи в пределах предоставленного доступа и возложенных обязанностей. 8) Знать порядок первоначальных действий при возникновении чрезвычайных ситуаций, пожара, обнаружении подозрительных предметов, нарушении общественного порядка и иных происшествиях. 9) Осуществлять визуальное наблюдение за посетителями, общественными зонами, входами и выходами, обеспечивать соблюдение установленного порядка и сохранность имущества Заказчика. 10) Осуществлять обходы внутренней и прилегающей территории объекта в дневное время не менее 2 (двух) раз, в ночное время — не менее 3 (трёх) раз за смену, с обязательной фиксацией результатов в журнале или электронной системе учёта. 11) Не допускать необоснованного нахождения на объекте лиц, нарушающих установленный порядок посещения, а также своевременно информировать администрацию о лицах, поведение которых может представлять угрозу безопасности. 12) Вести служебную документацию согласно утверждённым инструкциям. Обеспечивать приём и сдачу смены, ключей и закреплённого оборудования с соответствующей регистрацией. 13) Иметь навыки оказания доврачебной помощи при травмах, ранениях, телесных повреждениях 14) Обладать навыками рукопашного боя и обращения со специальными средствами. 15) Знать НПА, регламентирующие охранную деятельность, права и обязанности охранника, Правовые основы применения физической силы, специальных средств, Основы первичной медицинской подготовки, Правила применения физической силы и специальных средств. 16) Обладать аналитическим мышлением, быть стрессоустойчивыми и уметь быстро принимать решения. 3. Контроль и порядок несения службы 1) Исполнитель обязан обеспечить непрерывное несение службы сотрудниками охраны на всех предусмотренных договором постах. 2) Передача дежурства осуществляется непосредственно между сменами с обязательной проверкой состояния поста, средств связи, оборудования и документации. 3) При заступлении на смену сотрудники обязаны ознакомиться с текущей обстановкой, записями в журнале несения службы и информацией о происшествиях за предыдущую смену. 4) Исполнитель обязан ежесменно предоставлять представителю Заказчика сведения о фактической расстановке постов, количестве сотрудников и фамилиях заступивших на службу. 5) Изменение расстановки постов, количества сотрудников и режима несения службы допускается только по предварительному согласованию с Заказчиком, за исключением необходимых действий по предотвращению непосредственной угрозы жизни и здоровью людей с обязательным последующим уведомлением Заказчика. 6) Исполнитель обязан обеспечить постоянный контроль за соблюдением сотрудниками охраны служебной дисциплины, должностных обязанностей и инструкций. 7) Представители Заказчика |

| | |
|---|---|
| | вправе осуществлять проверки качества оказания услуг, фактического присутствия сотрудников на постах и ведения служебной документации. 8) При выявлении нарушений Заказчик вправе потребовать их устранения, а Исполнитель обязан принять соответствующие меры в установленные Заказчиком сроки. 9) Исполнитель обязан обеспечить замену сотрудника в течение 30 (тридцати) минут с момента получения требования Заказчика при ненадлежащем исполнении служебных обязанностей, нарушении дисциплины или наличии обоснованных претензий к качеству услуг. Замена не должна приводить к прекращению или приостановлению охраны соответствующего поста. 4. Сотрудникам охраны запрещается: - Покидать пост без разрешения непосредственного руководителя, за исключением действий, необходимых для предотвращения непосредственной угрозы жизни и здоровью людей. - Отвлекаться от исполнения служебных обязанностей, читать литературу, просматривать фильмы, социальные сети и использовать интернет в личных целях. - Использовать мобильную связь для личных переговоров и развлечений в ущерб исполнению обязанностей. Использование служебной связи для выполнения служебных задач допускается. - Находиться на дежурстве в состоянии алкогольного, наркотического или иного токсического опьянения, употреблять спиртные напитки. - Допускать на объект лиц без предусмотренных Заказчиком оснований и необходимых согласований. - Разрешать ввоз и вывоз материальных ценностей без соответствующих документов или разрешений. - Самостоятельно изменять расстановку постов, их численность и режим несения службы без согласования с Заказчиком. - Принимать под охрану помещения и имущество, не предусмотренные договором, без согласования с Заказчиком. - Самовольно открывать или закрывать помещения, двери и окна, изменять установленный порядок доступа. - Самостоятельно перемещать имущество Заказчика и пожарный инвентарь, кроме случаев необходимости предотвращения непосредственной угрозы в пределах своих полномочий. - Спать во время дежурства, демонстрировать посторонним специальные средства, использовать их не по назначению. - Самовольно покидать территорию объекта, передавать свои обязанности посторонним лицам или поручать им несение службы. - Допускать разглашение информации об организации охраны, сотрудниках и посетителях объекта. - Использовать личный транспорт на территории объекта без согласования с администрацией. 5. Ответственность Исполнителя - Исполнитель несёт ответственность за ненадлежащее исполнение или неисполнение обязательств по договору в соответствии с законодательством Республики Казахстан. - Исполнитель несёт имущественную ответственность за ущерб, причинённый имуществу Заказчика вследствие виновного неисполнения или ненадлежащего исполнения договорных обязательств, при наличии предусмотренных законодательством оснований. - К нарушениям обязательств Исполнителя относятся отсутствие сотрудников на предусмотренных постах, самовольное оставление постов, нарушение пропускного режима, необоснованный допуск лиц, |

| | |
|---|---|
| | несвоевременное информирование о происшествиях, несоблюдение согласованной численности и расстановки постов, а также неисправность предоставленного Исполнителем оборудования по причине ненадлежащего обслуживания. - В случае повреждения, порчи, утраты или уничтожения имущества Заказчика по вине Исполнителя последний обязан возместить причинённый ущерб в порядке и объёме, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. - Ответственность за причинение вреда жизни и здоровью сотрудников Заказчика, сотрудников Исполнителя, посетителей и иных лиц определяется в соответствии с законодательством Республики Казахстан с учётом установленных обстоятельств, вины и причинно-следственной связи. - Исполнитель несёт ответственность за действия и бездействие привлечённых им сотрудников в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан. - За нарушение условий договора и требований настоящей технической спецификации Заказчик вправе применять предусмотренные договором меры ответственности. Согласно п. 7 статьи 17 Закона «О государственных закупках» неисполнение либо ненадлежащее исполнение обязательств по договору предусмотрена неустойка в размере 0,1 % от общей суммы ежемесячного платежа, в рамках реализации настоящего договора о государственных закупках подобными случаями будут признаваться: - оставление поста (место несения дежурства) без разрешения Заказчика, - пребывание на дежурстве с признаками алкогольного или наркотического опьянения; - передача охраны объекта другим лицам; - сон во время дежурства, употребление спиртных напитков, использование специальных средств не по назначению при посторонних лицах, а также совершение иных действий, нарушающих установленный порядок несения службы, требования служебной дисциплины и правила безопасности; - не выставление поста более 30 минут. Неустойка применяется в отношении каждого случая отдельно. Документация В течение 3 (трёх) рабочих дней с даты заключения договора Исполнитель предоставляет Заказчику список сотрудников, привлекаемых для оказания услуг, с указанием фамилии, имени, должности и распределения по сменам. В случае замены сотрудника Исполнитель обязан предоставить обновлённый список в течение 1 (одного) рабочего дня с момента замены. Исполнитель вместе с актом выполненных работ должен предоставить посредством портала отчет об оказании услуг последним числом месяца (каждый месяц), который включает в себя: 1. Отчет обходов. 2. Расшифровка суммы затрат за отчетный период. Сумма, выделенная на осуществление закупки рассчитана на период с 01 января 2027 года по 31 декабря 2028 года ВКЛЮЧИТЕЛЬНО. В случае заключения договора позднее 01 января 2027 года, общая сумма заключенного договора подлежит уменьшению пропорционально сокращению периода действия договора. Примечание: Все оказываемые услуги (обходы, заступающая смена) должны фиксироваться посредством сканирования QR-кодов программы Aspans Property (Заказчиком будет предоставлен авторизованный домен для фиксации). Отчет обходов, |

| | |
|---|---|
| | предоставляемый вместе с актом оказания услуги должен быть сформирован посредством вышеуказанной программы. В случае отсутствия отчета обходов с данными условиями оказание услуги является недействительным. Если же в случае неполадок в работе самой программы Aspans Property способы предоставление отчета обходов производится по согласованию с Заказчиком. |